

Газды көп сатылы айыратын жоғары қысымды герметизацияланған мұнайгазсуды жинақтау жүйелері аса тиімді болып табылады (1,б-сурет). Ұңғымадан шыққан мұнай, газ және су өз қысымдарымен *A-1* топтық өлшеу қондырғысына, одан кейін бірінші сатыдағы *C-1* айырғыш-тарына бағытталады. Мұнайдан газды бөлудің бірінші сатысы, газды газ өңдейтін зауытқа (ГӨЗ) компрессорсыз жібере алатындай, 0,6-0,7 МПа қысым кезінде жүзеге асырылады. *C-1*-ден мұнай өз қысымымен немесе *H-1* сорғылар көмегімен орталық жинақтау пунктіне дейін немесе орталық кәсіпшілік ғимараттары кен қондырғыларына тасымалданады. Онда қысымды одан әрі төмендетіп, мұнайдан газды сепарация-лаудың екінші (егер қажет жағдайда үшінші) сатысы жүргізіледі. Газ екінші және үшінші саты сепараторларынан өз қысымымен немесе компрессорлар көмегімен ГӨЗ жіберіледі, ал мұнай дайындау қондырғыларының резервуарларына жіберіледі. Сепарациялау көп сатылы сұлбасының артықшылығы мұнайдан газды толық бөлу, газбен бірге мұнай тамшыларының кетуін төмендету, газды сығуға электр қуатының шығынын азайту.

Мұнайды тұрақтандыру. Көп сатылы кәсіпшілік сепарациялаудан кейін де, мұнайда C_1 - C_4 көмірсутектерінің айтарлықтай мөлшері қалады. Бұл көмірсутектердің көп бөлігі резервуардан резервуарға айдаған кезде, мұнайды сақтау және тасымалдау кезінде жоғалуы мүмкін. Бұл кезде газдармен бірге құнды жеңіл бензиндік фракциялар да жоғалады.

Газдың және жеңіл бензиндік фракциялардың жоғалуын, ауаның ластануын болдырмау үшін, құнды газ тәрізді компоненттерді бөліп алу үшін, мұнайдан C_1 – C_4 көмірсутектерін, мұнайды мұнайды өңдеу зауыттарына жіберу алдында, максималды бөліп алу қажет. Бұл міндет мұнайды тұрақтандыру қондырғыларында мұнайды өндіретін орынға тікелей жақын жерде шешіледі.

Тұрақтандыру қондырғысының сұлбасы 2-суретте келтірілген. Кәсіпшіліктегі дайындау қондырғыларынан келетін шикізат, тұрақталып үлгерген мұнаймен жылытылатын *T-1* жылу алмастырғыштары арқылы және булы жылытқыштар *T-2* арқылы өтеді. Жылытылған мұнай ректификациялық мұнара – тұрақтандырғыш *K-1*-ге келеді. Тұрақтандырғыштың жоғары жағынан кететін жеңіл көмірсутектер конденсатор-салқындатқышта *ХК-1* конденсацияланады және *E-1* сыйымдылығына келіп түседі. Тұрақтандырғыштың жоғарғы жағынан C_1 -ден C_5 -ке дейінгі көмірсутектер кетеді. *ХК-1*-де *K-1*-дің жоғары жағынан түскен өнімнің бәрі түгелдей конденсацияланбайды, сондықтан да, *E-1*-де